



КИНО 1: БЕЙНЕ – ҚОЗҒАЛЫС

Бергсонның үшінші тезисі



Негізгі түйіндер:


А. Бергсон қозғалыс туралы үш тезис жасады:

1. Алғашқы тезис: қозғалысты жүріп өткен кеңістікпен араластыруға болмайды;
2. Екінші тезис: қозғалысты кеңістіктегі орынмен немесе уақыттық мезеттермен, яғни қозғалмайтын «кескіндермен» жасау мүмкін емес.
3. Үшінші тезис: мезеттер ғана қозғалыстың қозғалмайтын кескіндерін жасамайды, қозғалыс – қозғалмалы кескіндер үздіксіздігі, ғаламшарлық немесе кез келген бүтіннің жалғасы.
4. «Бейне-қозғалыстар» өздері арқылы қозғалмалы кескіндердің үздіксіздігін көрсетеді.

Кез келген қас қағым сәт кез келген басқа бір қас қағым сәттен өзара белгілі бір арақашықтықта орналасқан кезең болып табылады. Сондықтан, киноны қозғалысты қайта көрсететін және оны белгілі бір ерікті түрде таңдалған кезеңге жатқызатын жүйе ретінде анықтаймыз. Алайда, осы тұста қиыншылықтар қайта туындайды. Мәселен, бұндай жүйе қандай мүддені көздейді? Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, өте оңай. Өйткені, ғылыми түпкілікті бетбұрыс талдауда еді. Егер талдау жасау мақсатында қозғалысты қандай да бір ерікті түрде таңдалған мезетке жатқызу қажет болса, синтез қағидасына негізделген қозғалысты қайтадан қалпына келтірудің немесе синтез жасаудың пайдасын түсіну қиын соғады. Олардың көмегімен тек аналитикалық мәліметтерге ғана тұжырым жасауға болады, алайды бұл ең басты міндеттердің бірі емес. Сондықтан, Марейде де, ағайынды Люмьерде де киноматеографияны ойлап тапқандықтарына үлкен сенім болмады.



Марей. Ұшып бара жатқан Бірқазан, шамамен 1882 жыл



Марей. “Құлап бара жатқан мысық” 1894 жылы жарияланған.

Ал ол ең болмағанда көркемдік қызығушылық тудырды ма? Ешқандай қызығушылық болмаған секілді, себебі өнер қозғалысқа ең жоғары деңгейде синтез жасау құқығын қорғап, ғылым қабылдамай, теріске шығарған қалыптар мен формаларға тығыз байланысын сақтап қалған секілді. Сонымен біз «индустриалды өнер» ретіндегі киноның екіұшты жағдайының түп төркініне жеттік: киноматеография өнер де, ғылым да болған емес.

Дегенмен, сол дәуірдің ғалымдары өнер салаларында жасалған эволюциядан тыс қалмады, бұл эволюция қозғалыс мәртебесін барлық салада, тіптен көркем сурет саласында да өзгертті. Осыны басты негізге ала отырып, би, балет және пантомима формалар мен қалыптардан бас тартып, олар қозғалысты қандай да бір кезеңдерге жатқызатын, қалыптармен байланысы жоқ, шабытсыз, түрткі күшсіз мәндерге ие болды.

Фильм «Прибытие поезда» Бр. Люмьер – фрагмент 30 секунд

Фильм «Поливый поливальщик» Бр. Люмьер



Осылайша, би, балет және пантомима қоршаған ортаның уақиғаларына, басқаша айтқанда, қандай да бір оқиғаның кезеңдеріне немесе қандай да бір кеңістіктегі нүктелерді жіктеуге жауап беруге қабілетті әрекеттерге айналды. Бұның бәрі кинематографияға әсер етті. Киноға дыбыс келгеннен бастап, кино кез келген жерде, көшеде де, мәшинелер арасында да, жаяу жол бойында да халық назарына ұсыныла бастаған Фред Астердің (Фред Астер (1899–1987 жж.) америкалық актер, биші, хореограф және әнші) «би - әрекетімен» бірге музыкалық комедияны өзінің ұлы жанрларының біріне айналдыруға мүмкіндік алды. Алайда дыбыссыз кинода-ақ Чаплин (Чарльз Чаплин (1889–1977 жж.), америкалық және англиялық киноактер, кинорежиссер, сценарист, композитор, продюсер және монтажер. Кино өнерінің негізін қалаушылардың бірі) пантомиманы қалыптар өнерінен ажыратып алып, оны әрекет өнеріне айналдырған еді.

Фрагмент фильма «Парочка Баркли с Бродвея» с участием Фреда Астера: 0.53.00-57.00

Фрагмент фильма «A Night Out» с участием Чарли Чаплина 0.0.3.05-0.0.6.37

Чарльз Чаплинді кинематографияға қызмет студия орнына, кинематографияны пайдаланды деп жазғырған адамдарға Митри (Жан Митри – (1904–1988 жж.) кинотеоретик, сыншы, режиссер) ол, кейіптеу үшін алдын ала таңдалған пішіндерге сүйенудің орнына, пантомимоға жаңа үлгі берді, кеңістік және уақыт қызметін, әр қас қағым сәтте қалыптасатын үздіксіздікті ұсынды. Енді қас қағым сәттерді тек есте қаларлық имманенттік элементтерге ғана бөлшектеуге болады.

Киноның қозғалыс туралы осы заманауи тұжырымдамаға толығымен сәйкес келетіндігін Бергсон нақты дәлелдермен көрсетті. Алайда, ол осы тұста екі жолдың қайсысын таңдарын білмей, абыржыған секілді оның бірі Бергсонды өзінің бірінші тезисіне қайтадан апарса, екіншісі, керісінше, жаңа сұрақ туындатты. Бірінші жол бойынша, ғылыми көзқарасқа сүйенсек, екі тұжырымдама өзара мүлде ұқсамайды, бірақ олардың нәтижелері ұқсас дерлік. Шын мәнісінде екеуі де мәңгілік қалыптардың немесе қозғалмайтын кесінділердің көмегімен қозғалысты қалпына келтіруге келіп тоғысады: екі жағдайда да біз қозғалысқа дөп тимей, мұлт кетеміз, себебі біз өзімізге әлдебір тұтастықты береміз, «бұл тұтастық берілген» деп болжаймыз, ал шындығында қозғалыс тек тұтастық берілмеген кезде және алдын ала берілмейтін жағдайда ғана жүзеге асады. Формалар мен қалыптардың мәңгілік тәртібімен немесе қандай да бір қас қағым сәттер жиынтығында өзімізге тұтастықты ұсынған бойда, уақыт мәңгіліктің бейнесіне немесе таңдалған жиынтықтың салдарына айналады: шынайы қозғалысқа мүлдем орын қалмайды. Алайда Бергсонның алдынан екінші жол ашылған секілді. Өйткені қозғалыс туралы көне тұжырымдаманың түп тамыры мәңгілікті ойлауды міндет етіп қойған көне философиядан бастау алған болса, қозғалыс туралы заманауи тұжырымдама, заманауи ғылым басқа философияны талап етеді. Қозғалысты қандай да бір сәттерге жатқызған кезде, біз осы кез келген сәттерде жаңаны жасауды, басқаша айтқанда, есте қаларлық және бірегей нәрсені жасауды ойлау қабілетіне ие болуымыз қажет: бұл - философияның толық түбегейлі өзгерісі, әрі-беріден соң Бергсонның алдына қойған мақсаты осы еді, яғни заманауи ғылымға метафизиканы тән ету, себебі ол ғылымға сәйкес келеді және бір жарты өзінің екінші жарты бөлігіне жетіспей тұратындығы секілді оған жетіспей тұрған нәрсенің бірі. Өйтсе де, осы жолда тоқтауға болады ма? Көркемөнерлер де түбегейлі өзгеріске түсуі қажет деген пікірді теріске шығаруға болады ма? Немесе кино бұл мәселеде маңызды фактор емес және бұл жаңа ойдың, ойлаудың жаңа тәсілінің дүниеге келуінде және қалыптасуында мүлдем елеулі рөл ойнамайды деп тұжырым жасауға болады ма? Міне енді Бергсон қозғалыс туралы өзінің алғашқы тезисін дәлелдеп растаумен ғана шектелмейді. Оның екінші тезисі орта жолдан тоқтағанына қарамастан, кино туралы басқа көзқарастың пайда болуына септігін тигізді, яғни енді кино - ең көне елестерді жасап шығаратын кемелдендірілген құрылғы емес, керісінше, жаңа шынайылықты жетілдіру құралы деген пікірдің туындауына мүмкіндік берді.

Енді Бергсонның сол «Шығармашылық эволюция» атты туындысында көрсетілген үшінші тезисіне тоқталып өтелік. Егер оны ықшамдап тұйжырымдайтын болсақ, мынандай анықтама шығады: қас қағым сәт қана қозғалыстың жылжымайтын кесінділерін көрсетпейді, сонымен қатар қозғалыстың өзі де ұзақтықтың қозғалмалы кесіндісі, басқаша айтқанда жалпыға бірдейдің немесе қандай да бір тұтастықтың кесіндісі. Бұл қозғалыс ұзақтықта немесе тұтастықта өзгеріске түсетін, тамыры тереңде жатқан нәрсені білдіретіндігін тұспалдайды. Ұзақтықтың өзгеріс екендігі оның анықтамасында нақты көрсетілген: ол өзгереді және үздіксіз өзгеріп отырады. Мәселен, материя қозғалады, бірақ ол өзгермейді. Алайда, қозғалыс ұзақтықтағы немесе тұтастықтағы өзгерісті білдіреді. Бұл жерде мәселе, бір жағынан, қозғалыстың мәнерлілігінен туындаса, екінші жағынан, тұтастықты ұзақтықпен теңдестіруден шығады.



Қозғалыс - дененің кеңістіктегі орын ауыстыруы. Бөліктер кеңістікте орын ауыстырған кезде, осы бөліктер құрамына кіретін тұтастықта сапалы өзгеріс әрдайым орын алады. Бұл құбылысқа Бергсон өзінің «Материя және жад» еңбегінде көптеген мысалдар келтірген. Мәселен, жануар қозғалады, бірақ ол жай әншейін қозғалмайды, қоректену, қоныс аудару үшін және т.б. үшін қозғалады. Қозғалыс әлеуеттер айырмашылығын бағамдайтын секілді және оның орынын толтыруды өзіне мақсат етіп қойған деуге болатын сияқты. Егер мен бөліктерді немесе бекеттерді абстракты түрде А және Б деп есептесем, онда мен олардың бірінен екіншісіне барып, оларды өзара байланыстыратын қозғалысты түсінбеймін. Бірақ, менің қарным аш, және мен А бекетінде тұрмын делік, ал Б бекетінде тағамдар бар. Мен Б бекетіне жетіп, тамақ жегенде, менің жағдайым ғана өзгермейді, сонымен қатар құрамына А және Б бекеттері кіретін тұтастықтың да жағдайы және олардың арасында болғанның бәрі өзгереді. Ахиллес тасбақаны басып озғанда, құрамына тасбақа, Ахиллес және олардың арасындағы арақашықтық енетін тұтастық жағдайы түгелімен өзгереді. Қозғалыс әрқашанда өзгеріске, қоныс аударуға, маусымдық құбылуға әкеледі. Осындай пікірді денеге қатысты да айтуға болады: әлдебір дененің құлауы оны өзімен бірге тартып құлатқан басқа бір дененің әсерінен жүзеге асады, және осы құлау екі денені де қамтитын тұтастықтағы өзгерісті көрсетеді. Егер біз таза атомдар туралы ойлайтын болсақ, онда олардың қозғалыстары материяның әр алуан бөлшектерінің өзара әрекеттестіктерін дәлелдейді және жалпыға бірдей тұтастықтағы түрленімдерді, шұғыл ауытқуларды және энергетикалық өзгерістерді көрсетеді. Денелердің орын ауыстыруынан тыс Бергсон тербеліс пен сәуле шығару ды ашты. Біздің қателігіміз қозғалатындар сапаларға қатысы жоқ, олардан тыс қандай да бір элементтер деп бағамдауымызда жатыр. Алайда сапалардың өздері де таза тербеліс болып табылады, олар элементтердің қозғалысымен бір мезгілде өзгеріске ұшырайды. «Шығармашылық эволюция» кітабында Бергсон өте әйгілі бір мысал келтіреді. Бұл мысалдың танымалдығы соншалықты біз одан таңғаларлық ештеңе көре алмаймыз. Ол қантты бір стакан суға салған соң, «мен қанттың ерігенін күтуім қажет». Бұл пайымдау қызық, бір қарағанда, Бергсон қасықпен араластыру арқылы қанттың еру үдерісін жылдамдатуға болатындығын ұмытып кеткен секілді көрінеді. Бірақ ол бұнымен не айтқысы келді? Судағы қант бөлшектерін бір бірінен ажыратып, оларды сумен араластырып суспензияға айналдыратын қасықтың қозғалысының өзі бүтіндегі өзгерісті көрсетеді, басқаша айтқанда, стаканның ішіндегі сұйықтықтағы өзгерісті, құрамында бір қант бар судың «қантталған» су күйіне сапалы тұрғыда ауысуын білдіреді. Егер мен қантты қасықпен араластырсам, мен бұл қозғалысты жылдамдатамын, бірақ мен енді құрамында қасық бар бүтінді өзгертемін, ал үздіксіз жеделдетілген қозғалыс тұтастықтың өзгерісін көрсетуді жалғастырады. «Физика мен химия зерттейтін массалар мен молекулалардың жеңіл-желпі орын ауыстыруы» «тереңде жүзеге асатын, бұл өмір үшін маңызды қозғалысқа қарағанда жай ғана орын ауыстыруды емес, түбегейлі өзгерісті, түрленуді білдіреді, қозғалушы дененің тоқтауының кеңістіктегі оның қозғалысына қатынасы да осы секілді». Сондықтан, Бергсон өзінің үшінші тезисінде келесі үйлестікті назарымызға ұсынады:

$$\frac{\text{қозғалмайтын кесінділер}}{\text{қозғалыс}} = \frac{\text{қозғалыс қозғалмалы кесінді секілді}}{\text{сапа өзгерісі}}$$

Бұл екі қатынастың арасындағы айырмашылық: сол жақтағы қатынас елесті көрсетсе, оң жақтағысы шынайылықты білдіреді.

Бергсон әсіресе қант салынған бір стакан суға қатысты мысалмен «менің үмітім қандай болса да, мен нені күтсем де, менің үмітім менталды және рухани шынайылық ретінде ұзақтықты білдіреді» дегенді айтқысы келді. Алайда, неліктен рухани шынайылық үміт артып, күтіп отырған менің атымнан ғана емес, сонымен бірге өзгеріске түсетін бүтіндік атынан куәлік етеді? Бергсон:

«Бүтіндік берілмеген және алдын ала тапсырылмайды (заманауи ғылымның да, көне заман ғылымының да жіберген қателігі бүтіндікті екі түрлі тәсілмен беруде жатыр)» Бергсон деген пікір айтқан. Шындығында, көптеген философтар бұған дейін де бүтіндік берілмейді және алдын ала тапсырылмайды деген пікірді айтқан болатын, бірақ олар бұдан бүтіндік мағынадан айырылған ұғым деген қорытынды жасады. Бергсонның жасаған қорытындысы мүлде өзгеше: бүтіндіктің тапсырылмайтын себебі: оның Ашық болатындығында және оған үздіксіз өзгеріп отыру немесе жаңа нәрсенің пайда болуына септігін тигізу, бір сөзбен айтқанда ұзаққа созылу тән екендігінде. «Сондықтан да ғаламшар ұзақтығы онда орын алуы мүмкін шығармашылық бостандығымен біртұтастықты құруы қажет». Сонымен, біз әрдайым ұзақтықпен бетпе бет келген кезде немесе әлдебір ұзақтыққа тап болған кезде, біз қандай да бір өзгеріске түсе алатын және әйтеуір бір жері тұйықталмаған бүтіндіктің бар болуы туралы тұжырым жасай аламыз. Бергсон алғашқыда ұзақтықты сана-сезімге барабар нәрсе ретінде ашқандығы бәріне белгілі. Бірақ сана-сезімге



жасалған терең зерттеу оған ұзақтық әлдебір бүтіндікке ашылу және осы бүтіндіктің ашық жеріне сәйкес келу арқылы ғана өмір сүретіндігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Тірі организмдерге де қатысты дәл осы айтылады: Бергсон тіріні жекемен немесе ғаламшардағы бүтіндікпен салыстырғанда, ол, бәлкім, ең көне салыстыруды алған шығар. Дегенмен, ол бұл салыстырудың құрамдас бөліктерінің мағынасын түбегейлі өзгертті. Өйткені, егер тірі өз бетінше әлдебір бүтіндікті білдіретін болса, ғаламшар бүтіндігіне лайық болар еді, бірақ бұл тұжырым тірі нәрсе бүтіндік секілді жабық микрокосм дегенді білдірмейді, керісінше, тірі әлемге ашық, және әлем де, ғаламшар да Ашық болып табылады дегенді көрсетеді. «Бір нәрсе өмір сүретін барлық жерде бір ашық жер бар, уақыт жазылатын ашып қойылған тізілім бар».

Егер бүтіндікті анықтау қажеттілігі туындаса, біз оны Қарым-қатынас арқылы анықтар едік. Бұл қарым-қатынас заттардың қасиеті емес, ол әрқашанда оның құрамдас бөлшектерінен тыс тұрады. Оның үстіне ол (Ауд.: қарым-қатынас) Ашықтықтан ажырағысыз нәрсе және рухани немесе менталды түрде өмір сүрумен байланысты. Қарым-қатынастар нысандарға тиесілі болмайды, керісінше, қарым-қатынасты нысандардың жабық жиынтығымен шатастырмағанда ғана бүтіндіктің меншігінде болады. Кеңістіктегі қозғалыстың арқасында, қандай да бір жиынтыққа тиесілі нысандар өздерінің орындарын өзгертеді. Дегенмен, қарым – қатынастар арқылы бүтіндік түбегейлі өзгереді немесе өз сапасын өзгертеді. Ұзақтық немесе уақыт туралы біз олардың қарым-қатынастар үшін бүтіндік екендігін айта аламыз. Бүтіндікті немесе «бүтіндіктерді» жиынтықтар мен шатастыруға болмайды. Өйткені жиынтықтар жабық, жабық нәрселердің бәрі жасанды жолмен тұйықталған. Жиынтықтар әрқашанда бөлшектердің жиынтығынан тұрады. Бірақ кез келген бүтіндік жабық емес, ол ашық болады; оның үстіне, тек арнайы мағынада ғана болмаса, негізінде онда бөлшектер болмайды, себебі ол бөлінудің әр сатысында өзінің табиғатын өзгертпейінше, бөлшектерге бөліне алмайды. «Шынайы бүтіндік толығымен бөлінбейтін үздіксіздік бола алады». Бүтіндік тұйықталған жиынтық емес, керісінше, ол жиынтықтың ешқашан толығымен жабық болмауына, ешқашан толығымен берік панада болмауына септігін тигізеді, осы қасиеттің арқасында, ол қалған ғаламшарға жіңішке жіп арқылы байланған секілді жиынтықтың әйтеуір бір жері ашық қалады. Бір стақан су – шынымен нағыз тұйықталған жиынтық, ол өзінің мынадай бөлшектерін өзінде тұйықтайды: су, қанта, мүмкін, қасық; алайда, бұл жерде бүтіндік жоқ. Бүтіндік қалыптасады және ол бөлшектері жоқ өзге өлшемде үздіксіз жасалады. Бүтіндік осы күйлерден түгел өтетін таза үздіксіз қалыптасу секілді жиынтықты бір сапалы күйден басқа сапалы күйге ауыстырады. Дәл осы мағынада бүтіндік рухани немесе менталды бола алады. «Стақан су, қант және қанттың суда еру үдерісі еш күмәнсіз абстрация болып табылады, ал менің сезімдерім және ақыл-парасатым арқылы олар құрамынан бөлініп алынған Бүтіндік сананың тәсілімен дамуы ықтимал». Әйтсе де кез келген жиынтықты немесе тұйық жүйені жасанды мүшелеу таза елес емес. Оның орынды себептері бар, және егер әр заттың бүтіндікпен ара қатынасын (заттарды Ашықтықпен байланыстырып тұратын бұл парадоксалды ара қатынасты) ұзу мүмкін болмаса, қалай болғанда да оны ұзартуға, шексіз созуға, бірте-бірте жіңішкертуге болады. Материяның ұйымдастырылу құрылымы жабық жүйелердің немесе өзіне тән белгілі бөлшектері бар жиынтықтардың пайда болуына септігін тигізеді және кеңістіктің өрістеуі бұндай үдерістің қажеттілігін тіптен арттыра түседі. Алайда, жиынтықтар кеңістікте өмір сүреді, ал бүтіндік немесе бүтіндіктер ұзақтықта болады, бұған қоса, олардың өздері ұзақтық болып табылады, және олар дамылсыз өзгереді. Бергсонның бірінші тезисіне сәйкес болған екі формула (тұжырымды айтылған жеке қорытынды) енді қатаңдау мәртебеге ие болады: «қозғалмайтын кесінділер + абстракты уақыт» шын мәнісінде бөлшектері қозғалмайтын кесінділер және абстракты уақытпен есептелетін бірізді күйлер болып табылатын жабық жиынтықтарға мегзейді; ал «шынайы қозғалыс + нақты ұзақтық» қозғалыстары жабық жүйелерді кесіп өтетін қозғалатын кесінділердің сәйкес мөлшерімен ара қатынаста болатын ұзаққа созылатын әлдебір бүтіндіктің ашықтығына сілтейді.

Осы үшінші тезисті ой елегінен өткізе келе, біз, іс жүзінде, үш деңгейді анықтадық:

- айырып тануға болатын нысандар мен айқын бөлшектердің көмегімен анықталатын жиынтықтар немесе жабық жүйелер;
- бұл нысандардың арасында орын алатын және олардың бастапқы қалыптарын өзгертетін көшпелі қозғалыс;
- ұзақтық немесе бүтіндік, өзіне тән қарым-қатынастарға сәйкес үздіксіз өзгертетін рухани шынайылық.

Осылайша, қозғалыстың екі қыры бар. Бір жағынан, қозғалыс нысандардың немесе бөлшектердің арасында жүзеге асатын құбылыс, екінші жағынан, қозғалыс ұзақтықты немесе бүтіндікті білдіреді. Қозғалыс ұзақтыққа, өз табиғатын өзгертіп, нысандарда бөлінуге мүмкіндік туғызады, ал нысандар, тереңдікке бойлап, келбеттерін жоғалтып, ұзақтықта қайта бірігеді. Ендеше, қозғалыс қандай да бір жабық жүйенің нысандарын ашық ұзақтыққа жатқызады да, ұзақтықты жабық жүйе ашуға тырысатын жүйенің



Кітап: Кино 1: бейне – қозғалыс

Дәріс: Бергсонның үшінші тезисі

нысандарына жатқызады. Қозғалыс нысандарды, өзі араларында орын алатын, өзгеруші бүтіндікпен байланыстырады, және қозғалыс бүтінді көрсетеді және керісінше: қозғалыстың арқасында бүтіндік нысандар арасында бөлінеді және нысандар бүтіндікте қайта бірігеді, және осы екеуінің арасында, атап айтқанда «бүтіндік» өзгереді, нысандар өзгермейді. Нысандарды немесе бүтіннің бөлшектерін біз қозғалмайтын кесінділер деп есептей аламыз, бірақ бұл кесінділердің арасында қозғалыс жүзеге асады, және нысандарды немесе бөлшектерді өзгертін бүтіндіктің ұзақтығымен байланыстырады, демек, қозғалыс нысандарға қатысты бүтіннің өзгерісін білдіреді, ал оның өзі - ұзақтықтың қозғалатын кесіндісі. Енді біз «Материя және жад» кітабының бірінші тарауындағы өте терең мәнді тезисті толық түсінуге шамамыз жетеді:

- мезеттік бейнелер ғана емес, басқаша айтқанда қозғалыстың лездік кесінділері ғана емес;
- сонымен қатар, ұзақтықтың қозғалмалы кесінділері болып табылатын «қозғалыстағы бейнелер» бар;
- одан кейін, «бейнелер-уақыт», басқаша айтқанда бейнелер-ұзақтық, бейнелер-өзгеріс, бейнелер-қарым-қатынас, бейнелер-көлем бар және бұлардың бәрі қозғалыс шегінен тысқары...